




Евразийский Банк

«Еуразиялық банк» АҚ
Директорлар кеңесі
2018 жылғы «05» қаңтардағы
№ 1 хаттамамен
бекіткен

жария орналастыру үшін

ОПЕРАЦИЯЛАР ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ТУРАЛЫ ҚАҒИДАЛАР

| | | |
|--|--|-----------------|
|  Евразийский Банк | ҚД | 2-бет 17 |
| | ОПЕРАЦИЯЛАР ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ТУРАЛЫ ҚАҒИДАЛАР | |

Операциялар жүргізудің жалпы талаптары туралы қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес, оның ішінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (бұдан әрі – Азаматтық кодекс), «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы заңына, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы заңына (бұдан әрі – Банктер туралы заң), «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы заңына (бұдан әрі – Дербес деректер туралы заң), «Шетелдік шоттарға салық салу туралы» (Foreign Account Tax Compliance Act – FATCA) АҚШ заңына, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 шілдедегі № 136 қаулысымен бекітілген Банктік қызметтер көрсету және банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банктік қызметтер көрсету процесінде туындайтын клиенттердің өтініштерін қарау қағидаларына (бұдан әрі - Банктік қызметтер көрсету қағидалары), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына, «Еуразиялық банк» АҚ (бұдан әрі – Банк) ішкі құжаттарына, оның ішінде [“Еуразиялық Банк” АҚ Жарғысына](#), [Ішкі нормативтік реттеу саясатына](#), [Ішкі нормативтік құжаттарды басқару жөніндегі нұсқаулыққа](#) сәйкес әзірленді.

1-бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-тарау. Банктің операциялар жүргізуінің негізгі принциптері

1. Қағидалар Банк операцияларын жүргізудің негізгі принциптері мен талаптарын, Банктің клиенттермен жұмыс істеу тәртібін, Банк пен оның клиенттерінің құқықтары мен міндеттерін айқындайды. Қағида, Қаржы департаменті иеленушісі болып табылатын қаржы басқару (L1 деңгейі - процесік картаға), тарифтік саясатты басқару (L2 деңгейі - процес тізілімі) процесіне жатады.

2. Қағидалардың мақсаты Банк көрсететін қызметтерге/операцияларға, оның ішінде Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар үшін шарттар мен тарифтерді белгілеу болып табылады.

3. Қағидалар ашық ақпарат болып табылады және коммерциялық құпия мәні бола алмайды. Осы норма Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес коммерциялық құпия санатына жататын нақты операция жүргізу талаптарына қолданылмайды.

4. Қағидаларда Қазақстан Республикасының заңнамасында, электрондық анықтамалықта қарастырылған негізгі ұғымдар, сондай-ақ келесідей түсініктер мен шартты белгілер пайдаланылады:

1) омбудсман – Банк пен қарыз алушының (жеке тұлғаның) арасында ипотекалық қарыз шартына қол қойған кезде туындайтын, қарыз алушы мен Банктің құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қанағаттандыру туралы келісімге қол жеткізу мақсатында, оның өтініші бойынша түсініспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға;

2) Қазақстан Республикасының уәкілетті органы – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және қаржы нарығында Банктің әрекеттеріне қойылатын талаптарды айқындайтын мемлекеттік өзге уәкілетті органдар;


3) Банктің уәкілетті органы - Банктің алқалы органдары және/немесе өз қызметін Банктің ІНҚ талаптары негізінде жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Банктің Директорлар кеңесінің міндеттерін орындауға жәрдемдесуге жауапты тұлғалар тобы.

5. Банк, оның уәкілетті органдары, басшы қызметкерлері банктік қызметті жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қағидалардың талаптарын мүлтіксіз сақтауға міндетті. Аталған міндеттеме Банктің қатысуымен мәмілелер жасаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында, [“Еуразиялық банк” АҚ Жарғысында](#), лауазымдық нұсқаулықтарда айқындалған талаптар мен іс-қимылдарды жасау жауапкершілігіне және қажеттілігіне әкеп соғады.

6. Банк жеке және/немесе заңды тұлғаның (бұдан әрі - клиент) бірінші талабы бойынша Қағидаларды ұсынуға міндетті және клиентті қызықтыратын қызметтерді/операцияларды жүргізуге байланысты ықтимал тәуекелдер туралы ақпаратты клиентке беруден бас тартуға құқылы емес.

7. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше қарастырылмаса, банктік және өзге де қызметтерді/операцияларды ұсыну түрлері, шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген және Банктің тиісті органы бекіткен Банктің ішкі құжаттарымен айқындалады.

8. Банк пен оның клиенттері арасындағы қатынастар, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгесі қарастырылмаса, олардың арасында жасалған шарттардың негізінде жүзеге асырылады.

| | | |
|--|--|-----------------|
|  Евразийский Банк | ҚД | 3-бет 17 |
| | ОПЕРАЦИЯЛАР ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ТУРАЛЫ ҚАҒИДАЛАР | |

9. Банк Қазақстан Республикасы Уәкілетті органдарының нормативтік құқықтық актілерінің, пруденциалдық нормативтердің талаптарын және банктік қызметті жүзеге асыру кезінде сақтауға міндетті өзге де нормалар мен талаптарды сақтауға және орындауға міндетті.

10. Банк, Банктер туралы заңға сәйкес банктік құпияға жататын банк операциясын жүргізу кезінде құпиялылықты қамтамасыз етуге міндетті.

11. Дербес деректер туралы заңға сәйкес Банк клиенттердің дербес деректерін жинауды, өңдеуді және қорғауды жүзеге асырады.

12. Банк өз қызметін жүзеге асыру кезінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Қазақстан Республикасы заңнамасының және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл кезіндегі жұмыс тәртібін регламенттейтін Банктің ІНҚ талаптарын сақтауға міндетті.

13. Банк клиентпен жасалған шартты, ол Банктің Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының, «Шетелдік шоттарға салық салу туралы» АҚШ заңының (Foreign Account Tax Compliance Act – FATCA), Салық істері бойынша өзара әкімшілік көмек туралы конвенция (ЭЫДҰ) талаптарын орындау үшін қажетті ақпаратты немесе құжаттарды бермеген жағдайда немесе Банкте Клиенттің Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және (немесе) терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес танылатын қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру жағдайларына қатыстылығы туралы пайымдауға негіздері болса, шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы.

13-1. Белгілері Қазақстан Республикасы уәкілетті органының нормативтік құқықтық актісінде бекітілген нарықтық емес талаптардағы мәмілелерді жасауға жол берілмейді¹, атап айтқанда:

1) мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде жүзеге асырылған мәмілелерді қоспағанда, келесі талаптардың біріне сәйкес келетін мәмілелер:

– берілген банктік қарыз сомасы қарыз алушының (егер болса, қоса қарыз алушыларды ескере отырып) қаржылық жағдайына және (немесе) кірістеріне, сондай-ақ кепілдік қамтамасыз ету құнына сәйкес келмейді;

– борышкердің банктік операциялар бойынша сыйақыны төлеуі және (немесе) оның негізгі борышты өтеуі бойынша төлем мерзімін кейінге қалдыру бір жылдан асады;

– борышкерден ұсталатын пайыздық мөлшерлемелердің мөлшері осыған ұқсас банктік операциялар бойынша нарықтағы пайыздық мөлшерлемелерден әлдеқайда төмен;

2) борышкердің қаржылық жағдайына және (немесе) кірістеріне сәйкес келмейтін сомаға немесе борышкерге кері талап қою (регресс) құқығынсыз борышкерлердің міндеттемелері бойынша банктік кепілдіктер немесе кепілгерліктер беру;

3) ірі акционерлердің және (немесе) банктің басшы қызметкерлерінің талаптарын мерзімінен бұрын қанағаттандыруға әкеп соғатын мәмілелер;

4) олардың талаптары мәміле бойынша тарап болып табылатын жеке немесе заңды тұлғаның банк алдындағы өзіне алған қаржылық міндеттемелерден толық немесе ішінара бас тарту құқығын қарастыратын мәмілелер.

Қағидалардың 13-1 тармағының 1) және 2) тармақшаларының талаптары, банк мәмілесінің мөлшері Банктің меншікті капиталының 1 (бір) және одан көп пайызын құрайтын жағдайларға қатысты қолданылады.


2-тарау. Банк жүзеге асыратын операциялар

14. Банк Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген лицензия негізінде Банктер туралы заңға сәйкес ұлттық және шетел валютасындағы операциялардың келесі түрлерін жүзеге асырады:


1) банктік операциялар:

– заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік шоттар ашу және жүргізу;

¹ «Жасалуы банкті төлем қабілеті жоқ банктер санатына жатқызу туралы шешім қабылдау үшін негіз болып табылатын нарықтық емес талаптардағы мәмілелердің тізбесін бекіту туралы» ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 275 қаулысы

| | | |
|--|--|-----------------|
|  Евразийский Банк | ҚД | 4-бет 17 |
| | ОПЕРАЦИЯЛАР ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ТУРАЛЫ ҚАҒИДАЛАР | |

- депозиттер қабылдау, жеке тұлғаларға банктік шоттар ашу және жүргізу;
 - банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;
 - жеке және заңды тұлғалардың оларға тиесілі тазартылған қымбат металдар мен қымбат металдардан жасалған монеталардың нақты саны көрсетілетін металл шоттарын ашу және жүргізу;
 - кассалық операциялар: қолма-қол ақшаны ұсақтау, айырбастау, қайта санау, сұрыптау, орау мен сақтауды қоса алғанда, оларды қабылдау және беру;
 - аударым операциялары: жеке және заңды тұлғалардың төлемдер мен ақша аударымдары бойынша тапсырмаларын орындау;
 - есептік операциялар: жеке және заңды тұлғалардың вексельдері мен өзге борыштық міндеттемелерін есепке алу (дисконт);
 - банктік қарыз операциялары: төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық талаптарында ақшалай нысанда кредиттер беру;
 - қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын қоса алғанда, шетел валютасымен айырбастау операциялары;
 - банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау;
 - инкассоға төлем құжаттарын қабылдау (вексельдерді қоспағанда);
 - аккредитив ашу (ұсыну) және растау, ол бойынша міндеттемелерді орындау;
 - ақшалай нысанда орындалуын қарастыратын банктік кепілдіктер беру;
 - үшінші тұлғалар үшін ақшалай нысанда орындалуын қарастыратын банктік кепілгерліктер және өзге міндеттемелер беру.
- 2) өзге операциялар:
- құйма түріндегі тазартылған асыл металдарды (алтын, күміс, платина, платина тобының металдары), асыл металдардан жасалған монеталарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сақтау;
 - құрамы асыл металдар мен асыл тастардан тұратын зергерлік бұйымдарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату;
 - вексельдермен жүргізілетін операциялар: вексельдерді инкассоға қабылдау, төлеушінің вексельді төлеуі бойынша қызметтер ұсыну, сондай-ақ домицилийленген вексельдерді төлеу, делдалдық тәртіпте вексельдерді акцептеу;
 - лизингілік қызметті жүзеге асыру;
 - меншікті бағалы қағаздар (акцияларды қоспағанда) шығару;
 - факторингтік операциялар: төлемеу тәуекелін қабылдаумен тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушыдан төлемді талап ету құқығына ие болу;
 - форфейтингтік операциялар (форфетингілеу): тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алушының борыштық міндеттемесін сатушыға айналымсыз вексель сатып алу жолымен төлеу;
 - сенімгерлік операциялар: сенім білдірген тұлғаның мүддесінде және тапсырмасымен ақшаны, банктік қарыздар мен тазартылған асыл металдар бойынша талап ету құқықтарын басқару;
 - сейфтік операциялар: сейфтік жәшіктерді, шкафтар мен үй-жайларды жалға беруді қоса алғанда, құжаттамалық нысанда шығарылған бағалы қағаздарды, клиенттердің құжаттары мен құндылықтарын сақтау жөніндегі қызметтер.
15. Қағидалардың 14-тармағында белгіленген операциялардан басқа, Банктер туралы заңға сәйкес Банк қызметтің келесі түрлерімен айналысуға құқылы:
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктердің және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметтерін автоматтандыру үшін пайдаланылатын мамандандырылған бағдарламалық жасақтаманы іске асыру;
 - банктік қызмет мәселелері бойынша кез келген ақпарат тасымалдауыштың түрлерінде арнайы әдебиетті сату;
 - меншік мүлкін сату;
 - төлем карточкаларын шығару, сату, тарату және қызмет көрсету, сауда-сервистік кәсіпорындарда төлем құралы ретінде карточкаларды қабылдау, банкоматтар мен POS-терминалдар арқылы қолма-қол ақша беру;
 - чек кітапшаларын шығару, сату және тарату;

| | | |
|--|--|-----------------|
|  Евразийский Банк | ҚД | 5-бет 17 |
| | ОПЕРАЦИЯЛАР ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ТУРАЛЫ ҚАҒИДАЛАР | |

- қызмет көрсетудің электрондық арналары арқылы банк қызметтерін ұсыну (Интернет-банкинг, мобильді банкинг);
- электрондық ақша шығару, сату, сатып алу және өтеу, сондай-ақ электрондық ақшамен жасалатын операциялар бойынша ақпаратты жинау және өңдеу жөнінде қызметтер көрсету;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кепіл мүлкін сату;
- қаржылық қызмет мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету және оқытуды (үйретуді) ұйымдастыру;
- банк қызметіне байланысты мәселелер бойынша не облигацияларды ұстаушылардың өкілі ретінде басқа тұлғалардың мүдделерін білдіру;
- электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтінә сәйкестігін куәландыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру, сондай-ақ Банк клиенттеріне қатысты тіркеу куәліктерінің дұрыстығын растау;
- банк пен осындай сақтандыру ұйымдарының арасында тиісті шарт болған кезде Қазақстан Республикасының резиденттері- сақтандырушы ұйымдары атынан сақтандыру шарттарын жасау;
- банкаралық клиринг (төлемдерді жинау, салыстырып тексеру, сұрыптау және растау, сондай-ақ олардың өзара есебін жүргізу және клирингке қатысушылардың таза позицияларын айқындау).

16. Банк брокерлік, дилерлік және кастодиандық қызметті жүзеге асыруды Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ІНҚ-сына сәйкес Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген лицензия негізінде жүргізеді.

17. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда және тәртіппен банк қызметтерін ұсыну үшін Қазақстан Республикасы уәкілетті органының алдын ала келісімін алуға міндетті.

18. Алып тасталды.

3-тарау. Клиенттермен жұмыс жүргізу кезіндегі жалпы талаптар

19. Клиент банктік қызмет/өнім алу үшін Банкке хабарласқан кезде, Банк клиентке мынадай ақпарат береді:


- клиентте туындаған кез келген сұрақтар бойынша консультация;
- мөлшерлемелер мен тарифтер туралы;
- банк қызметін/өнімін ұсыну туралы өтініш бойынша шешім қабылдау мерзімдері туралы (өтініш беру қажет болған кезде);
- банктік қызмет көрсетудің талаптары туралы және осындай қызмет көрсету туралы шарт жасасу үшін қажетті құжаттар тізбесі;
- банктік қызмет көрсету туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда клиенттің жауапкершілігі мен ықтимал тәуекелдер туралы;
- банктік қызмет көрсету туралы шарттың жобасы (клиенттің сұрау салуы бойынша) және онымен таныстыру уақыты.

20. Банк бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде Банктің интернет-ресурсында тиісті хабарлама жариялау арқылы клиентті келесілер жөнінде:

- алатын банк қызметі бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде оның Банкке, Қазақстан Республикасының уәкілетті органына, сотқа немесе банк омбудсманьна (ипотекалық қарыздар бойынша) жүгіну құқығы туралы;
- Банктің, банк омбудсманьның және Қазақстан Республикасының уәкілетті органының орналасқан жері, почталық, электрондық мекенжайлары және Интернет-ресурстары туралы хабардар етеді.

21. Банктік операциялар (қызметтер) көрсету /көрсетпеу туралы шешім қабылдаудың максималды мерзімі клиенттен құжаттар пакетін (топтамасын) қабылдаған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнді құрайды. Банктік қызмет (қарыз) ұсыну кезінде кредиттеудің мейлінше күрделі және көлемді жобалары бойынша шешім қабылдаудың ең ұзақ мерзімі клиенттен толық құжаттар пакетін алған күннен бастап 30 жұмыс күнді құрайды.

22. Банктік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес Банк банктік қарыз шартына қызмет көрсету кезеңінде қарыз алушының сұрау салуы бойынша, сұрау салуды алған күннен бастап үш

| | | |
|--|--|-----------------|
|  Евразийский Банк | ҚД | 6-бет 17 |
| | ОПЕРАЦИЯЛАР ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ТУРАЛЫ ҚАҒИДАЛАР | |

жұмыс күннің ішінде клиентке жазбаша нысанда келесілер туралы/жөнінде мәліметтер беруге міндетті:

- 1) Банктің қарыз алушыға төлеген ақша сомасы;
- 2) кезекті төлемдердің мөлшері мен мерзімі;
- 3) қарыз бойынша негізгі борыштың қалдығы;
- 4) мерзімі өткен берешектің (бар болса) мөлшері;
- 5) кредиттеу лимиті (бар болса).

4-тарау. Клиенттердің өтініштерін қарастыру тәртібі

23. Банк қызметтерін көрсету процесінде клиенттерден түсетін өтініштерді Банк Банктік қызметтер көрсету қағидаларында және Банктің өзге ІНҚ-ларында белгіленген тәртіпте және мерзімде қарастырады. Клиенттердің өтініштерін қабылдаудан бас тартуға жол берілмейді.

24. Клиенттердің өтініштерін Банк:

– ауызша- Банк телефон арқылы немесе клиент Банкке тікелей келген кезде (оның ішінде Банктің басшы қызметкеріне келген кезде) алған;

– жазбаша- Банкке қолма-қол, поштамен, курьерлік ұйымдармен, электрондық пошта арқылы немесе Интернет желісіндегі Банктің WEB-сайттары арқылы жеткізілген өтініштер деп бөледі.

25. Банктің телефон арқылы алған клиенттің ауызша өтініші клиенттердің өтініштерін қарастыру тәртібін регламенттейтін Банктің ІНҚ-сында белгіленген тәртіпте тіркеуден өткізілуі тиіс.

Клиенттерді қабылдауды Банктің бас офисі және Банк филиалдарының осындай қабылдауға уәкілетті етілген қызметкерлері Банк Басқармасы Төрағасының немесе филиал директорларының тиісті бұйрығымен бекітілген қабылдау кестесіне сәйкес жүргізеді.

26. Банк алған (оның ішінде Интернет желісіндегі Банктің WEB-сайты арқылы) клиенттің жазбаша өтініші клиенттердің өтініштерін қарастыру тәртібін регламенттейтін Банктің ІНҚ-сында белгіленген тәртіпте тіркеуден өткізілуі тиіс.

Қажет болған кезде (клиенттің сұрау салуы бойынша) Банк жазбаша өтінішті алғанын растайды.

27. Мәселенің мәні қамтылмаған өтініштерді Банк қараусыз қалдырады, бұл туралы мүмкіндігінше Өтініш берушіге тиісті хабарлама жіберіледі. Клиентті сәйкестендіруді жүзеге асыру мүмкін емес болған өтініштерді Банк қараусыз қалдырады, бұл туралы мүмкіндігінше Өтініш берушіге тиісті хабарлама жіберіледі. Дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстар туралы не мемлекеттік немесе қоғамдық қауіпсіздікке төнген қатер туралы мәліметтер қамтылған және дереу құқық қорғау органдарына қайта жолдануы тиіс кез келген өтініш қарастырылуы тиіс.

28. Банктің клиенттен ауызша алған өтініші, осы өтінішке жауап бере отырып тез арада қарастырылады.

Егер Банк клиенттің ауызша өтінішіне тез арада жауап бере алмаған жағдайда, бұл клиентке өтінішін Банк жазбаша өтініш ретінде қарастыру мақсатында, жазбаша түрде беруге ұсыныс жасалады. Бұл ретте Банк осы клиентке жазбаша өтініштерді қарау және оларға жауап беру рәсімдері мен мерзімдері туралы хабарлайды.

29. Банктің клиенттердің жазбаша өтініштерін қарастыру мерзімі өтініш Банкке келіп түскен күннен бастап 3 (үш) күннен 15 (он бес) жұмыс күніне дейінгі аралықты құрайды. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше мерзім көзделмесе, өтінішті қарау және жауап беру мерзімі өтініш тіркелген күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күнге дейін ұзартылуы мүмкін.


Өтінішті қарастыру мерзімі ұзартылғаны туралы Банк клиентіне хабарлама шартта немесе клиенттің өтінішінде көрсетілген тәсілмен жіберіледі.

30. Алып тасталған.


31. Банктің клиенттің өтінішіне жазбаша жауап беру мазмұны бойынша талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ІНҚ-сында белгіленген.

2-бөлім ЕРЕКШЕ ЕРЕЖЕЛЕР

1-тарау. Банк шоттарын ашу және жүргізу, салымдарды қабылдау жөніндегі жалпы талаптар

| | | |
|--|--|-----------------|
|  Евразийский Банк | ҚД | 7-бет 17 |
| | ОПЕРАЦИЯЛАР ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ТУРАЛЫ ҚАҒИДАЛАР | |

32. Банк мынадай банктік шоттар ашады және жүргізеді:
- заңды және жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары;
 - заңды және жеке тұлғалардың банктік салымдары;
 - төлем картасын пайдаланып, клиенттердің ағымдағы шоттары;
 - банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдардың корреспонденттік шоттары.
33. Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібі Банктің ІНҚ-сына сәйкес жүзеге асырылады.
34. Клиенттерге ашылатын банктік шоттардың санына [Қылмыстық жолмен алынған кірісті заңдастыруға \(жылыстатуға\) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылау қағидаларына](#) сәйкес шектеу қойылуы мүмкін.
35. Клиенттерден салымдар қабылдауды Банк Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген лицензия негізінде жүзеге асырады.
36. Банк «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасы заңының талаптарына сәйкес жеке тұлғалардың (оның ішінде жеке кәсіпкерлердің, шаруа қожалықтарының, жеке сот орындаушыларының (бұдан әрі - ЖК, ШҚ, ЖСО) және тағы басқалардың) салымдарына міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесінің қатысушысы болып табылады.
37. Банк клиенттерден ұлттық және шетел валютасындағы ақшаны қолма-қол, сол сияқты қолма-қол емес нысанда «талап ету бойынша» салымдарда, мерзімді, шартты, жинақ салымдарында орналастыра отырып қабылдайды.
38. Сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшері салымның түріне және мерзіміне байланысты сараланады. Салымды сақтау мерзімі, сыйақы мөлшерлемесі, ЖТСМ, қосымша жарналар қабылдау талаптары мен мүмкіндігі, ішінара алу және мерзімінен бұрын бұзу талаптары банктік салым шартының/қосылу шартының/ банктік салым (ағымдағы шот) ашуға берілген өтініш-оферта талаптарында айтылады.
39. Банк қызметтерін (операцияларын) көрсеткені үшін Банк дербес белгілейтін және Банктің тиісті уәкілетті органы бекітетін Банктің тарифтері мен мөлшерлемелеріне сәйкес клиенттерден комиссиялар мен сыйақылар алады.
40. Салымдар ашу бойынша негізгі талаптар:
- Банктің қабылдайтын салымдарының ең аз мөлшері - 0 теңгеден бастап/өзге валюта;
 - салымдарды орналастырудың ең аз мерзімі - бір күннен бастап;
 - талап еткенге дейінгі салымдардың ең аз мөлшері мен мерзімдері белгіленбейді;
 - қабылданатын салымдардың ең жоғары мөлшері – егер Банктің тиісті уәкілетті органының шешімімен өзгесі белгіленбесе, Банктің меншікті капиталының 10%-ы;
 - салымды орналастырудың ең ұзақ мерзімі - 50 жыл;
 - салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің ең төменгі мөлшері жылдық 0% құрайды, бұл ретте сыйақы мөлшерлемелерінің ең төменгі мөлшері дұрыс, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеуде жылдық 0% -ды құрайды;
 - жеке тұлғалардың (оның ішінде ЖК, ШҚ, ЖСО және тағы басқалардың) салымдары бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің ең жоғары мөлшері ұлттық валютада жылдық 63,2% құрайды, шетел валютасында және құбылмалы мөлшерлемесі бар салымдар бойынша «Қазақстан депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ (бұдан әрі - Қор)валютадағы салымдар бойынша сыйақының шекті жылдық тиімді мөлшерлемелеріне және құбылмалы мөлшерлемесі бар салымдар бойынша ең жоғары спредтерге сәйкес белгіленеді.
 - заңды тұлғалардың салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің ең жоғары мөлшері жылдық 50% құрайды, бұл ретте сыйақы мөлшерлемесінің ең жоғары мөлшері дұрыс, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеуде жылдық 63,2 % құрайды;
 - заңды тұлғалардың ағымдағы шоттарындағы орташа айлық қалдықтар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің ең жоғары мөлшері жылдық 50% құрайды, бұл ретте сыйақы мөлшерлемесінің ең жоғары мөлшері дұрыс, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеуде жылдық 63,2 % құрайды;
 - заңды тұлғалардың ағымдағы шоттарындағы орташа айлық қалдықтар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің ең төменгі мөлшері жылдық 0% құрайды, бұл ретте сыйақы мөлшерлемесінің ең төменгі мөлшері дұрыс, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеуде жылдық 0% құрайды.

| | | |
|--|--|-----------------|
|  Евразийский Банк | ҚД | 8-бет 17 |
| | ОПЕРАЦИЯЛАР ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ТУРАЛЫ ҚАҒИДАЛАР | |

– ағымдағы банктік шоттарда орналастырылған ақшаны пайдаланғаны үшін сыйақы төленбейді (қолданысқа 2019 жылғы 01 қаңтардан бастап енгізіледі). Осы ереже Банк пен клиенттің арасында 2019 жылдың 01 қаңтарына дейін туындаған құқықтық қатынастарға қолданылмайды, оған сәйкес Банк ағымдағы банктік шоттарда орналастырылған ақшаны пайдаланғаны үшін сыйақы төлеу жөнінде өзіне міндеттеме қабылдаған.

41. Заңды тұлғалардың салымдары бойынша, сондай-ақ заңды тұлғалардың ағымдағы шоттарындағы орташа айлық қалдықтар бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшерін банктің уәкілетті органы, Қағидаларда қарастырылған сыйақы мөлшерлемелері шеңберінде Директорлар кеңесі бекіткен сыйақы мөлшерлемесі шегінде бекітеді.

Жеке тұлғалардың (оның ішінде ЖК, ШҚ, ЖСО және тағы басқалар) салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің және жеке тұлғалардың құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар салымдары бойынша спредтер мөлшерін Банктің уәкілетті органдары, өздерінің құзыреті шеңберінде:

- ұлттық валютада, Директорлар кеңесі бекіткен, Қағидаларда қарастырылған сыйақы мөлшерлемелері шеңберінде;

- шетел валютасында және Қор бекіткен құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар салымдар бойынша спредтер сыйақы мөлшерлемелері шегінде бекітеді.

42. Салымдардың барлық түрлері бойынша, салым валютасына байланыссыз, тіркелген/құбылмалы сыйақы мөлшерлемесі белгіленеді. Банк салым мерзімін ұзарту, банктік салым шартында/банктік салым ашуға өтініш-офертада/қосылу шартында қарастырылған сыйақы мөлшерлемесін ұлғайту жағдайларын қоспағанда¹⁻¹, сондай-ақ құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар салымдарды қоспағанда, салымдар бойынша сыйақы мөлшерін біржақты тәртіпте өзгертуге құқылы емес.

43. Банк филиалдары салымдар бойынша операцияларды, филиал осындай операцияларды жасауға дайын болған жағдайда, Банк берген сенімхат негізінде жүзеге асырады.

44. Банк клиенттен салым қабылдауды олардың арасында жасалған, салым қабылдау, жүргізу және берудің барлық талаптары көрсетілетін банктік салым шарты/қосылу шарты/банктік салым ашуға өтініш-оферта негізінде жүзеге асырады.

45. Салымдар бойынша операцияларды Банк:

– салымшының тапсырмалары негізінде;

– нотариат куәландырған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нотариат куәландыруға теңестірілген сенімхат негізінде үшінші тұлғалардың талаптары;

– Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салымшының акцепті талап етілмейтін үшінші тұлғалардың талаптары;

– егер ол Қазақстан Республикасының заңнамасына және банктік салым шартының талаптарына қайшы келмесе, Банктің өкімі негізінде жүзеге асырады.


46. Салым бойынша сыйақы есептеу салымның талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Салымдар бойынша сыйақы есептеу үшін Банк 30 күнтізбелік күнге тең шартты ай мен 360 күнтізбелік күнге тең шартты жылды қабылдаған.

47. Салым банктік салым шартының қолданылу кезеңінде оны бұзу арқылы кез келген уақытта талап етілуі мүмкін. Егер банктік салым шартында/банктік салым ашуға өтініш-офертада/қосылу шартында өзгесі қарастырылмаса, Салымшы мерзімді және шартты салымдар бойынша ақшаны мерзімінен бұрын кері қайтарып алған жағдайда, салым сомасын Банк толықтай қайтарады, ал ол бойынша сыйақы сомасы талап етілгенге дейінгі салым мөлшерлемесі бойынша есептеледі және қайтарылады. Салымшы жинақтық салымды белгіленген мерзім өткенге дейін талап еткен жағдайларда, салым бойынша сыйақы банктік салым шартын/ өтініш-офертаны бұзу сәтінде Банкте қолданыстағы «талап етілгенге дейін» салым мөлшерлемесі бойынша белгіленген мөлшерде төленеді. Банк салымдар қабылдауды тоқтату туралы шешім қабылдаған кезде салым сомасы мен оған есептелген сыйақы салымның талаптарына сәйкес төленеді.

Салымшы банктік салым шартының/қосылу шартының/банктік салым (ағымдағы шот) ашуға өтініш-офертаның талаптарын орындамаған жағдайда, Банк бұрын төленген сыйақыны (салымның негізгі сомасынан ақша ұстау жолымен) қайтаруды талап етуге құқылы.

2-тарау. Қарыз операцияларын жүргізудің жалпы талаптары

¹⁻¹ «Еуразиялық Банк» АҚ банктік және өзге қызметтерді көрсетудің стандартты талаптары (Қосылу шарты).

| | | |
|--|--|-----------------|
|  Евразийский Банк | ҚД | 9-бет 17 |
| | ОПЕРАЦИЯЛАР ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ТУРАЛЫ ҚАҒИДАЛАР | |

49. Банктегі қарыз операциялары [“Еуразиялық банк” АҚ Кредиттік саясатына](#) сәйкес жүзеге асырылады.

50. Банк қарыздар беру жөнінде, клиенттерге ұсынылатын мынадай шекті сомасын белгілейді:

- берілетін қарыздың ең төменгі мөлшері 7 000 (жеті мың) теңгені немесе шетел валютасындағы балама соманы құрайды;
- төлем картасын пайдаланып шоттар бойынша берілетін қарыздың ең төменгі мөлшері шектелмеген;
- берілетін қарыздың ең жоғары мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулерді ескере отырып Банктің шекті капиталының 25 % мөлшеріндегі сомадан аспауы тиіс.

51. Кредиттеу мерзімдері ұсынылатын кредиттік өнімнің талаптарына байланысты Банктің ІНҚ-сына сәйкес айқындалады.

52. Мерзімі 1 (бір) жылға дейін берілетін қарыздар қысқа мерзімді қарыздарға, ал мерзімі 1 (бір) жылдан жоғары мерзімге берілетін қарыздар – ұзақ мерзімді қарыздарға жатады. Бұл ретте Банкте кредит берудің мынадай ең жоғары мерзімдері белгіленеді:

- заңды тұлғаларға берілетін қарыздар бойынша - 20 жылдан аспайды;
- жеке тұлғаларға берілетін қарыздар (тұтынушылық қарыздар) бойынша -10 жылдан аспайды;
- ипотекалық қарыздар бойынша - 30 жылдан аспайды;
- Банк клиенттеріне берілетін қарыздардың ең аз мерзімі 1 күнтізбелік күнді құрайды.

53. Лизинг мерзімі негізгі құралдардың пайдалы қызметі мерзімінің 75% -нан аспауы тиіс. Лизингтің ең жоғары мерзімі 7 жылды құрайды.

54. Кредиттік өнімдер бойынша сыйақы мөлшерлемесін Банктің уәкілетті органдары өздерінің құзыреті шегінде, осы Тарауда қарастырылған сыйақының шекті мөлшерлемесі шеңберінде, сұралатын кредиттің тәуекел факторларына, қаржы нарығының жағдайына, кредиттік ресурстарға сұранысты, трансферттік баға белгілеудің бекітілген мөлшерлемелерін ескере отырып Банктің кредиттік операциялары бойынша кірістілігінің қолданылатын нормасына байланысты белгілейді.

Әрбір кредиттік өтім бойынша сыйақы мөлшерлемелері кредиттік тәуекелге байланысты шешімдер қабылдау өкілеттіктерінің лимиттері бойынша Регламентке сәйкес жеке белгіленеді.


55. Кредиттік төлем карталары бойынша сыйақының шекті мөлшерлемесі Қағидалардың №1 қосымшасында белгіленген.

56. Банкте берілетін қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлерінің мынадай ең төменгі мөлшерлері белгіленеді:

- заңды тұлғаларға берілетін қарыздар бойынша: сыйақы мөлшерлемесі жылдық 5% -дан басталады, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі - жылдық 5%;
- жеке тұлғаларға берілетін қарыздар бойынша: негізгі борыш бойынша берешектің қалдығына жылдық 0% -дан басталады, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі - негізгі борыш бойынша берешектің қалдығына жылдық 0,01%;
- клиенттерге берілетін қарыздар бойынша қамтамасыз етуді ақша түрінде қабылдаған кезде, Банктің маржасы –0 % -дан бастап белгіленеді, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі - жылдық 0%;
- кепілдіктер бойынша Директорлар кеңесі бекіткен кепілдіктер бойынша мөлшерлемелер мен тарифтерге сәйкес кепілдіктің және ол бойынша қамтамасыз етудің түріне байланысты;
- Банк орындаған аккредитивтер бойынша – кредиттік операциялар бойынша сыйақының мөлшерлемесінен төмен емес;
- лизингтік операциялар бойынша: сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 16 %-дан басталады, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 16% пайыз.

57. Банкте Қазақстан Республикасының Уәкілетті органы белгілеген шектеулерді² ескере отырып, берілетін қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің мынадай ең жоғары мөлшерлемелері белгіленеді:

- кепілсіз банктік қарыздар бойынша жылдық 46 % -ға дейін;
- кепілмен қамтамасыз етілген банктік қарыздар бойынша жылдық 35%-ға дейін;
- ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша жылдық 25 % -ға дейін;

| | | |
|--|--|------------------|
|  Евразийский Банк | ҚД | 10-бет 17 |
| | ОПЕРАЦИЯЛАР ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ТУРАЛЫ ҚАҒИДАЛАР | |

– жеке тұлғаларға берілетін қарыздар бойынша қамтамасыз етуді ақша түрінде қабылдаған кезде, Банктің маржасы – Қазақстан Республикасының Уәкілетті органы белгілеген шектеулерді ескере отырып, жылдық 10% -ға дейінгі мөлшерде белгіленеді;

– заңды тұлғаларға берілетін қарыздар бойынша қамтамасыз етуді ақша түрінде қабылдаған кезде, Банктің маржасы – жылдық 10% -ға дейінгі мөлшерде белгіленеді.

58. Жеке тұлғаларға берілетін қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемесі тіркелген және құбылмалы болуы мүмкін.

Құбылмалы сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі мен қолданылу шарттары Қазақстан Республикасының Уәкілетті органының нормативтік құқықтық актісінде³ айқындалады.

59. Банк заңды тұлғалармен банктік қарыз шартын жасау күнінде белгіленген сыйақы мөлшерлемесін ұлғаю жағына қарай келесі жағдайларда біржақты тәртіпте өзгертуге құқылы:

– қарыз алушының банктік қарыз шартында/келісімде қарастырылған жағдайларда қарыз алумен және оған қызмет көрсетумен байланысты сенімді ақпарат беру жөніндегі өзінің міндеттемелерін бұзған кезде;

– Қазақстан Республикасының заңнамасында және банктік қарыз шартында/келісімде қарастырылған жағдайларда, Банкте міндеттемені мерзімінен бұрын орындауды талап ету құқығы пайда болғанда;

– Банкке алдын ала жазбаша хабарламай, акционерлік қоғамның (шаруашылық серіктестіктің) акцияларының (қатысу үлестерінің) жиынтығында он және одан да көп пайызын иеленетін қарыз алушының қатысушылар (акционерлер) құрамы өзгерген кезде;

– қарыз алушы және/немесе кепіл беруші кепіл ұстаушы болып саналатын Банктің құжаттар бойынша және кепілге берілген мүліктің нақты бар-жоғын, мөлшерін, жай-күйіне және сақтау талаптарын тексеру құқығын бұзуы, сондай-ақ қарыз алушының (кепіл берушінің) мүлкіне, оның ішінде Банкте кепілге салынған мүлікке үшінші тұлғалар тарапынан талаптар қою фактісі.

60. Жеке тұлғаларға берілетін қарыздар, оның ішінде ипотекалық қарыздар бойынша сыйақының тіркелген жылдық мөлшерлемесі тараптардың келісімі бойынша:


– шарттың қолдану мерзімі ішінде құбылмалы сыйақы мөлшерлемесіне;

– шартта белгіленген оның қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін, бірақ банктік қарыз шарты/келісім жасалған күннен бастап үш жылдан ерте емес ұлғаю жағына қарай өзгеруі мүмкін. Тіркелген сыйақы мөлшерлемесін ұлғаю жағына қарай кейіннен әрбір рет өзгерту тіркелген сыйақы мөлшерлемесінің қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін, бірақ тіркелген сыйақы мөлшерлемесін алдыңғы өзгерткен күннен бастап үш жылдан ерте емес, тараптардың келісімі бойынша мүмкін болады.

Тіркелген сыйақы мөлшерлемесі, Банктің Қазақстан Республикасының «Банктер және банктік қызмет туралы» заңында белгіленген тәртіпте оны кеміту жағына немесе кеміту жағына қарай жасаған уақытша өзгерту жағдайларын қоспағанда, біржақты тәртіпте өзгертілмейді. Сыйақы мөлшерлемесін кеміту жағына қарай уақытша өзгерту деп Банктің сыйақы мөлшерлемесін белгілі бір мерзімге өзгертуі айтылады, ол мерзім аяқталғанда сыйақы мөлшерлемесі уақытша өзгертілгенге дейін қолданыста болған сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерінен аспайтын мөлшерде белгіленеді.

61. Банк банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерін орындау мерзімін кешіктіру болған кезде, ол орын алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей, клиентті банктік қарыз шарты бойынша төлемдерді енгізу қажеттігі туралы және клиенттің өз міндеттемелерін орындамауының салдарлары туралы банктік қарыз шартында қарастырылған тәсілмен хабардар етеді. Банктік қарыз шарты бойынша берешекті өндіріп алу туралы хабарламада клиент үшін банктік қарыз шарты бойынша берешектің мөлшері туралы қысқаша ақпарат (негізгі борыш, сыйақы, комиссия, тұрақсыздық айыбы және айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін, сондай-ақ төленуге жататын басқа да сомаларды көрсете отырып) қамтылады. Хабарламадағы, осы тармақта көрсетілген талаптар қанағаттандырылмаған кезде, Банк клиентке Банктер туралы заңның 36-бабында қарастырылған шараларды қолданады. Қарыз алушыны хабардар ету үшін Банктің коллекторлық агенттіктер тізіліміне енгізілген коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлғаны (коллекторлық агенттікті) тартуына рұқсат етіледі.

³ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 119 қаулысымен бекітілген Сыйақының құбылмалы мөлшерлемесін есептеу қағидалары, қолданылу шарттары.

| | | |
|--|--|------------------|
|  Евразийский Банк | ҚД | 11-бет 17 |
| | ОПЕРАЦИЯЛАР ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ТУРАЛЫ ҚАҒИДАЛАР | |

62. Бұрын берілген қарыздар және басқа да кредиттік құралдар (кепілдіктер, аккредитивтер) бойынша сыйақы мөлшерлемелерін өзгерту кредиттік өнімнің/құралдың және банктік қарыз/келісім шартының талаптарын негізге ала отырып, Уәкілетті органның/Басқарманың немесе Банктің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

63. Қарыз алушының кредиттік досьесін қалыптастыру үшін қажетті құжаттардың тізбесі Банктік кредиттік қызметін регламенттейтін Банктің ІНҚ-сында айқындалған.

64. Банктік қарыз шартында/келісімде Қазақстан Республикасы Уәкілетті органының нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес есептелген жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі көрсетіледі.

65. Қарыз бойынша сыйақыны төлеу тәртібі мен мерзімі қарыздың талаптарына сүйене отырып, банктік қарыз шартында/келісімде белгіленеді. Жеке тұлғалар үшін банктік қарыз шартында/келісімде қарыз алушының таңдауы бойынша қарызды өтеу әдісі көрсетіледі, өтеу әдісін таңдау үшін оған банктік қарыз/келісім шартын жасасқанға дейін сараланған және/немесе аннуитеттік төлемдер әдістерімен есептелген қарызды өтеу кестелерінің жобалары ұсынылады.

66. Кәсіпкерлік қызметпен айналыспайтын жеке тұлғамен қарыз шартын жасасқанға дейін Банк, жеке тұлғаның кредиттеу талаптарын таңдауы үшін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіпке сәйкес қарыз бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу кезінде есепке алынатын комиссиялар мен өзге де төлемдерді алу көзделмеген кредиттеу талаптарын, сондай-ақ сыйақы мөлшерлемесінен басқа, қарыз беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты және банктік қарыз шартында/келісімде қарастырылған комиссияларды және өзге де төлемдерді көздейтін Банктің құқығын қарастыратын кредиттеу талаптарын беруге міндетті.

Банк банктік қарыз шарттарында/келісімдерде қарыз беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты алуға жататын комиссиялар мен өзге де төлемдердің толық тізбесін, сондай-ақ олардың мөлшерін көрсетуге міндетті және жасалған шарт/келісім шеңберінде Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылмаған комиссиялар мен өзге де төлемдердің жаңа түрлерін біржақты тәртіппен енгізуге құқылы емес.

67. Банк қарыз алушы үшін оларды жақсарту жағдайларын қоспағанда, банктік қарыз шартының/келісімнің талаптарын біржақты тәртіпте өзгертуге құқылы емес.

Қарыз алушы үшін осы тармақтың мақсаттарында банктік қарыз шартының/келісімнің талаптарын жақсарту деп келесілер түсініледі:

- банктік қарызға/келісімге қызмет көрсетумен байланысты комиссияларды және көрсетілген қызметтер үшін басқа төлемдерді кему жағына қарай өзгерту немесе толық көлемде алып тастау;
- өсімпұлды (айыппұлды, өсімпұлды) азайту жағына қарай өзгерту немесе толығымен алып тастау;
- банктік қарыз шарты/келісім бойынша сыйақының мөлшерлемесін азайтуға қарай өзгерту;
- банктік қарыз шарты/келісім бойынша төлемдердің мерзімін шегеру және (немесе) бөліп төлеу.


Банктік қарыз шартында/келісімде қарыз алушы үшін талаптарды жақсартатын қосымша тізбе қарастырылуы мүмкін. Банк жақсарту талаптарын қолданған жағдайда қарыз алушы банктік қарыз шартында /келісімде қарастырылған тәртіппен банктік қарыз шартының/келісімнің талаптарының өзгеруі туралы хабардар етіледі. Қарыз алушы хабарламаны алған күннен бастап он төрт күнтізбелік күннің ішінде банк ұсынған жақсарту талаптарынан банктік қарыз шартында/келісімде қарастырылған тәртіпте бас тартуға құқылы. Қарыз алушы келіскен жағдайда, егер Шартта өзгесі қарастырылмаса, банктік қарыз шартына/келісімге қосымша келісім жасалады.

68. Банктер туралы заңға сәйкес клиентпен жасалған, теңгемен берілген банктік қарыз шарты бойынша клиенттің міндеттемелері мен төлемдерін, оны кез келген валюталық баламаға байланыстыра отырып, Банктің индекстеуіне тыйым салынады.

69. Банк қарызды алған күннен бастап 14 күнтізбелік күннің ішінде қарызды мерзімінен бұрын өтегені үшін және мынадай мерзімдер өткеннен кейін:

- 1 (бір) жылға дейінгі мерзімге берілген қарызды алған күннен бастап 6 (алты) ай өткенде;
- 1 (бір) жылдан артық мерзімге берілген қарызды алған күннен бастап 1 (бір) жыл өткенде тұрақсыздық айыбын/комиссия және айыппұл санкцияларының өзге түрлерін алуға құқылы емес.

70. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес, тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қарыз алған жеке тұлға, егер банктік қарыз шартының/келісімнің

| | | |
|--|--|------------------|
|  Евразийский Банк | ҚД | 12-бет 17 |
| | ОПЕРАЦИЯЛАР ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ТУРАЛЫ ҚАҒИДАЛАР | |

талаптарында өзгеше қарастырылмаса, Банктің қарыз берген күннен бастап есептеген сыйақысын төлей отырып, тұрақсыздық айыбын және айыппұл санкцияларының өзге түрлерін төлемей, банктік қарыз шартын/келісім жасаған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күннің ішінде қарызды қайтаруға құқылы.

71. Банктің беретін қарыздарын қайтару және олар бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындау қарыз алушының немесе Азаматтық кодексте айқындалған үшінші тұлғалардың (бұдан әрі - кепіл берушілер) мүлкін (активтерін), оның ішінде:

- кепіл берушілердің Банкте ашылған жинақ шоттарында орналастырылған салымдарын (депозиттерін);
- жылжымалы мүлікті (көлік құралы, өтімді тауар өнімі, құймалардағы тазартылған бағалы металдар, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген бағалы металдардан жасалған монеталар, бағалы қағаздар және өзге де мүлік);
- жылжымайтын мүлікті (жер телімдерін, сондай-ақ ғимараттар, құрылыстар мен өзге мүлікті) кепілге берумен;
- Банктің, сенімділік рейтингі жоғары заңды немесе жеке тұлғаның кепілдіктерімен;
- жеке тұлғаның кепілгерлігімен қамтамасыз етілуі мүмкін.

72. Қарыз алушының міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету ретінде қабылданатын кепіл мүлкіне Банк мынадай талаптар қояды:

- Банкке берілетін кепіл мүлкі кепіл берушінің меншігіндегі мүлік болуы тиіс, бұл ретте Банкке кепілге берілетін мүлікке кепіл берушінің меншік құқығын растайтын құжаттар, сондай-ақ кепіл мәні үшінші тұлғалардың қандайда бір ауыртпалықтарынан және наразылықтарынан бос және тыйым салынбағаны туралы тіркеуші органның жазбаша растауы ұсынылады.

- кепіл мүлкі өтімді болуы тиіс. Қажет болған жағдайда, Банк кепіл берушіден кепілге берілетін мүліктің нақты құны туралы аудиторлық қорытынды талап етуге немесе мұндай мүлікке тәуелсіз бағалаушының бағалау жүргізуін талап етуге құқылы;

- Банктің талап етуі бойынша кепіл берушінің кепілге қабылданатын мүлкін (егер кепіл шартының қолданылу мерзімі ішінде кепілге салынған мүліктің бүліну немесе жоғалу тәуекелі болса) кепіл беруші/қарыз алушы сақтандыруы тиіс. Мүлікті сақтандыру қажеттілігі кредит өнімдерін беру талаптарында және Банктің уәкілетті органының шешімінде айқындалады.

73. Берілетін қарыздар бойынша қамтамасыз ету ретінде Банк кепілге қабылдайтын мүліктің түрлері мен тізбесі Банктің Кепілдік саясатында айқындалған.

74. Банктер туралы заңға сәйкес, кепіл беруші/қарыз алушы сақтандыру ұйымын және/немесе бағалаушыны өзінің қалауы бойынша таңдауға құқылы.

75. Банк жасалған банктік қарыз шарты (шарттары)/келісімдер шеңберінде жаңа қарыздарды беруді біржақты тәртіпте мынадай жағдайларда тоқтатуға құқылы:

1) банктік қарыз шартына/келісімге сәйкес Банктің жаңа қарыздар беруді жүзеге асырмау құқығы туындағанда;


2) қарыз алушының банктік қарыз шарты/келісім бойынша Банктің алдындағы міндеттемелерін бұзғанда;

3) Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізетін мониторинг нәтижелері бойынша қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлағаны анықталғанда;

4) Банктің банктік қарыз шартын/келісімді тиісті түрде орындауына әсерін тигізетін Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының өзгеруі;

76. Қарыз алушының/қоса қарыз алушының/клиенттің/кепілдік берушінің/кепілгердің өзі және жасалатын мәміле туралы мәліметтерді, сондай-ақ тараптардың өз міндеттемелерін орындауына байланысты ақпаратты кредиттік бюроға беруге және ол туралы кредиттік бюроның Банкке кредиттік есепті беруге жазбаша келісімінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ІНҚ-сына сәйкес дербес деректерді жинауға және өндеуге келісімінің болуы банктік қарыз/келісім, лизинг, факторинг, форфейтинг, вексельдерді есепке алу, кепілдіктер, кепілдемелер беру, аккредитивтер ашу шартын жасасу кезіндегі міндетті талап болып табылады.

3-тарау. Банктің және оның клиенттерінің құқықтары мен міндеттері, олардың өзара жауапкершілігі

| | | |
|--|--|------------------|
|  Евразийский Банк | ҚД | 13-бет 17 |
| | ОПЕРАЦИЯЛАР ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ТУРАЛЫ ҚАҒИДАЛАР | |

77. Банктің және оның клиенттерінің құқықтары мен міндеттері, олардың бір-бірінің алдындағы жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасында және шарттарда (тараптардың келісімдерінде) айқындалады.

78. Шарттарды (тараптардың келісімдерін) орындауға байланысты туындайтын даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен, ал тараптар арасында келісімге қол жеткізілмеген жағдайда - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сот тәртібімен шешіледі.

79. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктік құпияға жататын ақпаратты жарияламау жөніндегі талаптардың сақталуына кепілдік береді.

80. Банкке клиенттен өтініш түскен жағдайда, Банктік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес Банк түскен өтінішті қабылдауға және қарауға міндетті.

81. Банк және оның клиенттері шарттың талаптарын сақтауға, оларға шарттың (тараптардың келісімдерімен) жүктелген міндеттерді орындауға міндетті.

82. Шарттарда (тараптардың келісімдерінде) қарастырылған міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Банк және оның клиенттері Қазақстан Республикасының заңнамасына және тиісті шарттардың талаптарына (тараптардың келісімдеріне) сәйкес жауапкершілікте болады.

83. Шарттарда тараптардың жауапкершілігін жоққа шығаратын немесе шектейтін талаптар, мысалы, шарттың (тараптардың келісімінің) тараптарына байланысты емес еңсерілмейтін күш жағдайлары (форс-мажор) қарастырылуы мүмкін.

84. Төлемдер мен ақша аударымдарын тиісінше жүзеге асырмаған жағдайда Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына және клиентпен жасалған шарттарға (тараптардың келісіміне) сәйкес жауапкершілікте болады.

85. Алынып тасталды.

86. Банк клиенттің қате ресімдеген төлем құжаттары үшін жауапкершілікте болмайды, соның нәтижесінде клиенттің ақшасы уақтылы немесе қате есептен шығарылды/есепке алынды, сондай-ақ есеп айырысу құжаттары белгіленген мерзімнен тыс ауыстырылды және/немесе өңделуі кешіктірілді.

87. Банк клиенттен телекоммуникациялық, почталық, сондай-ақ жүргізілетін операциялар мен қызмет көрсетулер бойынша нақты шеккен басқа да шығыстар үшін қосымша төлемді ұстап қалады.

88. Банк комиссияларды және Банктің қызметтер/операциялар жүргізу кезінде шеккен қосымша шығыстарын клиенттің шотынан акцептсіз тәртіппен және клиенттің қосымша тапсырмасынсыз ұстап қалуға құқылы.

4-тарау. Банк қызметтерінің (операцияларының) мөлшерлемелері мен тарифтері

89. Банк қызметтерін/операцияларын жүргізуге арналған мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті шамаларын Директорлар кеңесі бекітеді. Оларды өзгерту де Директорлар кеңесінің құзырына жатады және Банктің басқа органдарына берілмейді.


90. Банктік қызметтер/ операциялар жүргізуге, оның ішінде Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғаларға арналған базалық (стандарттық) тарифтер мен мөлшерлемелер осы Қағидаларда белгіленген тарифтердің/мөлшерлемелердің шамасында Банктің уәкілетті органдарының шешімдерімен, олардың құзыреті шегінде (шектегі (ең аз және жоғары) мәндері шеңберінде) бекітіледі және оларды қайта қарау қажеттілігі туындауына қарай қайта қаралады.

91. Қағидалардың 92-тармағында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, банк қызметтерін/операцияларын жүргізуге арналған жеке тарифтер мен мөлшерлемелер Банктің уәкілетті органдарының шешімдерімен, олардың құзыреті шегінде:

– Банкпен ерекше қатынастармен байланысты емес тұлғалар үшін:

– Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар үшін, көрсетілген қызметтерді үлгілік шарттар бойынша келесілерді қоса, бірақ бұлармен шектелмей: Банктің Директорлар кеңесі бекіткен шарттардың үлгілік нысандары, Банктің уәкілетті органдарының шешімдері бойынша, ҚР Банктер туралы заңының 50-бабының талаптарын ескере отырып, көрсетілген жағдайда (егер осыған ұқсас шарттар Банкпен ерекше қатынастармен байланысты емес кемінде 2 клиентке ұсынылса) Қағидаларда белгіленген мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті шамалары шеңберінде бекітіледі.

92. Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар үшін банк қызметтерін/операцияларын жүргізуге арналған жеке тарифтер мен мөлшерлемелер Банктің Директорлар кеңесінің шешімімен, Қағидаларда бекітілген мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті

| | | |
|--|--|------------------|
|  Евразийский Банк | ҚД | 14-бет 17 |
| | ОПЕРАЦИЯЛАР ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ТУРАЛЫ ҚАҒИДАЛАР | |

мәні шеңберінде (егер осыған ұқсас шарттар Банкпен ерекше қатынастармен байланысты емес кемінде 2 клиентке ұсынылса) ҚР Банктер туралы заңының 50-бабының келесілер жөніндегі:

- заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің банк салымдарына, қарыз, лизинг, факторинг операцияларына, кепілдіктер, кепілгерліктер, аккредитивтер шығару жөніндегі операциялар бойынша;
- көрсетілген қызметтерді үлгілік емес шарттар бойынша : Банктің Директорлар кеңесі бекіткен шарттардың үлгілік нысандарын, Банктің уәкілетті органдарының шешімдерін қолданбай ұсынған жағдайда, өзге де банктік қызметтер/операциялар бойынша талаптарын ескере отырып бекітіледі.

93. Қағидаларда бекітілген мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті мәні шеңберінен шығатын банктік қызметтер/операциялар жүргізуге арналған жеке тарифтер мен мөлшерлемелерді Банктің Директорлар кеңесі бекітеді.

94. Банк қызметтерін/операцияларын жүргізуге арналған мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті шамалары, сондай-ақ Директорлар кеңесі, Банктің уәкілетті органдары бекіткен депозиттер мен кредиттерге сыйақы мөлшерлемелері бойынша шекті шамалар шеңберінде, олардың құзыреті шегінде жекелеген клиенттерге (клиенттердің санаттарына) немесе жекелеген өнімдер бойынша жеке тарифтер белгіленуі мүмкін.

95. Бұл ретте Банкпен ерекше қатынастармен байланысты емес тұлғаларға жеңілдікті мөлшерлемелер мен тарифтер ұсынуға тыйым салынады.

96. Егер клиент Банкпен ерекше қатынастармен байланысты болса, Банк Қағидаларда бекітілген мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті мәні шеңберінде жеке шарттар ұсыну мүмкіндігін (егер осыған ұқсас шарттар Банкпен ерекше қатынастармен байланысты емес кемінде 2 клиентке ұсынылса) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы заңының 50-бабының келесілер жөніндегі талаптарын ескере отырып, айқындайды.

97. Банктің жауапты бөлімшелері Банктің уәкілетті органдарының қарауына жеке мөлшерлемелер мен тарифтерді жіберген кезде клиентті Банкпен ерекше қатынастармен байланыстылығы тұрғысынан тексеру үшін және байланысты болған жағдайда жеңілдікті талаптар ұсынуды қадағалау және болдырмау үшін жауапкершілікте болады.

98. Алынып тасталды.

99. Мөлшерлемелер мен тарифтер туралы өзекті ақпарат филиалдарда (олардың үй-жайларында) көруге және оқып танысуға қолжетімді жерде, сондай-ақ Интернет желісіндегі Банктің WEB-сайтында, қолданыстағы мөлшерлемелер мен тарифтерге өзгерістер енгізілген және бекітілген күндер туралы мәліметтерді, құжаттардың ішкі нөмірлері мен оны бекіткен (қабылдаған) органды көрсетіп орналастырылады.

Қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің арасында алшақтық туындаған жағдайда, Банк пен Клиент орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

100. Банк клиенттерді банктік қызметтердің стандартты тарифтеріндегі өзгерістер және/немесе толықтырулар туралы, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Банктің уәкілетті органының шешімінде және/немесе Банк пен Клиент арасында жасалған тиісті Шартта өзгеше көзделмесе, олар қолданысқа енгізілген күнге дейін күнтізбелік 7 (жеті) күн бұрын тиісті хабарламаны Интернет желісіндегі Банктің WEB-сайтына орналастыру жолымен хабардар етеді.

Бұл ретте Банктің көрсететін банктік қызметтерін алудан бас тарту клиенттің құқығы болып табылады.

101. Банктік қызметтер/операциялар жүргізуге арналған мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті мәндері Қағидалардың №1 қосымшасында белгіленген.

5-тарау. Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен жасалатын мәмілелер

102. Банк өз қызметін жүзеге асыру кезінде клиентті Банкпен ерекше қатынастармен байланыстылығына тексеруді Банктер туралы заңда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы уәкілетті органының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген байланыстық белгілеріне сәйкес жүргізеді.

Жеке немесе заңды тұлға ҚР уәкілетті органының дәлелді пайымдауы негізінде Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлға деп танылуы мүмкін.

Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғамен мәміле жасау Банктер туралы заңның талаптарын ескере отырып жүзеге асырылады және оның барлық талаптарын қарастырған кезде,

| | | |
|--|--|------------------|
|  Евразийский Банк | ҚД | 15-бет 17 |
| | ОПЕРАЦИЯЛАР ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ТУРАЛЫ ҚАҒИДАЛАР | |

осындай мәмілелердің үлгілік шарттарын Банктің Директорлар кеңесі бекіткен және үшінші тұлғалармен осыған ұқсас мәмілелерге қолданылатын жағдайларды қоспағанда, Банктің Директорлар кеңесінің шешімімен ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

103. Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен мәмілелер жасасқан кезде Банктер туралы заңға сәйкес жеңілдікті шарттар ұсынуға тыйым салынады.

Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғаға жеңілдікті шарттар беру банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғамен немесе оның мүддесі үшін мәміле жасасуды білдіреді, оның табиғаты, мақсаты, ерекшеліктері және тәуекелі бойынша банк ерекше қатынастармен байланысты емес тұлғамен мұндай мәміле жасамаған болар еді.

Банк мәмілелердің/операциялардың жеңілдікті шарттарының бар-жоқтығын тексеруді, Банктер туралы заңда және Қазақстан Республикасы уәкілетті органының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген белгілерге сәйкес жүзеге асырады.

103-1. Банк қарыз беру туралы шешім қабылдаған күнге ҚР уәкілетті органының нормативтік құқықтық актісімен белгіленген мөлшерінен аспайтын мөлшерде берілетін банктік қарыздарды қоспағанда, Банктің Директорлар кеңесінің мүшелеріне және ірі қатысушыларына қарыз беруге тыйым салынады.

104. Банк қарыз беру туралы шешім қабылдаған күнге ҚР уәкілетті органының нормативтік құқықтық актісімен белгіленген мөлшерінен аспайтын мөлшердегі қарыздарды, сондай-ақ банктік конгломерат қатысушылары болып табылатын тұлғаларға берілетін қарыздарды қоспағанда, Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғаларға қамтамасыз етусіз қарыздар (бланктік қарыздар) беруге тыйым салынады.

105. Банкпен ерекше қатынастармен байланысты кредитордағы қарыз алушының мөлшері ҚР уәкілетті органының нормативтік құқықтық актісімен белгіленген мөлшерінен асатын қарыздары бойынша қайта қаржыландыруға тыйым салынады.

106. Банк қандай да бір тұлғамен, Банктің мәміле жасау туралы шешім қабылдаған күнге құны ҚР уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген мөлшерден асатын (Банктің мәміле жасау туралы шешім қабылдаған күнге құны банктің меншік капиталының 10 (он) % пайызынан асатын, заңды тұлғалардың жарғы капиталындағы акциялар мен үлестерін сатып алу жөніндегі мәмілелерді қоспағанда) және төмендегілерге әкеп соғатын мәміле жасай алмайды:


- Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғаның алдындағы міндеттемелерін төлеуге;
- Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғадан қандай да бір мүлік сатып алуға;
- Банктің меншігіндегі бағалы қағаздарды қоспағанда, Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлға эмиссиялаған (шығарған) бағалы қағаздарды сатып алуға әкеп соғады.

3-бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

107. Қағидалардың, оның ішінде Іс-шаралар жоспарының (Қағидалардың №3 қосымшасы) талаптарын орындамау/тиісінше орындамау жауапкершілігі Қағидаларда регламенттелетін процеске қатысушы құрылымдық бөлімшелердің жетекшілеріне жүктеледі.


108. Қағидаларда реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ІНҚ-сына сәйкес шешілуі тиіс.

109. Банк қызметкерлері клиенттерге қызмет көрсету кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы, Қағидаларды және Банктің ІНҚ-сын басшылыққа алуға міндетті.

| | | |
|--|--|------------------|
|  Евразийский Банк | ҚД | 16-бет 17 |
| | ОПЕРАЦИЯЛАР ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ТУРАЛЫ ҚАҒИДАЛАР | |

ҚОСЫМШАЛАР

| Қосымшаның нөмірі | Қосымшаның атауы |
|--------------------------|--|
| № 1 қосымша | Банк қызметтерін/операцияларын жүргізуге арналған мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті шамалары |
| № 2 қосымша | Алып тасталған. |
| № 3 қосымша | Іс-шаралар жоспары |

| | | |
|--|--|------------------|
|  Евразийский Банк | ҚД | 17-бет 17 |
| | ОПЕРАЦИЯЛАР ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ТУРАЛЫ ҚАҒИДАЛАР | |

ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ПАРАҒЫ

| № р/с | Хаттама нөмірі | Хаттама жасалған күн | Күшіне ену күні | Өзгерістердің бастамашысы |
|-------|----------------|----------------------|-----------------|---|
| 1. | 44 | 10.05.2018 | 11.07.2018 | Қазынашылық департаменті және ALM, Корпоративтік блок |
| 2. | 67 | 30.06.2018 | | |
| 3. | 99 | 17.10.2018 | | |
| 4. | 116 | 29.12.2018 | 11.01.2019 | Қаржы блогының Қаржы департаменті |
| 5. | 20 | 13.03.2019 | 09.04.2019 | Қаржы блогының Қаржы департаменті |
| 6. | 62 | 20.08.2019 | 11.09.2019 | Қаржы блогының Қаржы департаменті |
| 7. | 5 | 04.02.2020 | 25.02.2020 | Қаржы блогының Қаржы департаменті |
| 8. | 35 | 19.05.2020 | | Қаржы блогының Қаржы департаменті |
| 9. | 47 | 24.06.2020 | | Қаржы блогының Қаржы департаменті |
| 10. | 50 | 08.07.2020 | | Қаржы блогының Қаржы департаменті |
| 11. | 52 | 21.07.2020 | | Қаржы блогының Қаржы департаменті |
| 12. | 55 | 28.07.2020 | | Қаржы блогының Қаржы департаменті |
| 13. | 59 | 19.08.2020 | | Қаржы блогының Қаржы департаменті |
| 14. | 62 | 02.09.2020 | | Қаржы блогының Қаржы департаменті |
| 15. | 69 | 29.09.2020 | | Қаржы блогының Қаржы департаменті |
| 16. | 73 | 21.10.2020 | | Қаржы блогының Қаржы департаменті |
| 17. | 82 | 09.12.2020 | | Қаржы блогының Қаржы департаменті |
| 18. | 6 | 03.02.2021 | | Қаржы блогының Қаржы департаменті |
| 19. | 8 | 12.02.2021 | | Қаржы блогының Қаржы департаменті |
| 20. | 14 | 03.03.2021 | | Қаржы блогының Қаржы департаменті |
| 21. | 24 | 28.04.2021 | | Қаржы блогының Қаржы департаменті |
| 22. | 29 | 26.05.2021 | | Қаржы блогының Қаржы департаменті |
| 23. | 37 | 07.07.2021 | 23.07.2021 | Қаржы блогының Қаржы департаменті |
| 24. | 53 | 22.09.2021 | 11.10.2021 | Қаржы блогының Қаржы департаменті |
| 25. | 65 | 03.11.2021 | 18.11.2021 | Қаржы блогының Қаржы департаменті |
| 26. | 19 | 25.03.2022 | 15.04.2022 | Қаржы блогының Қаржы департаменті |
| 27. | 40 | 01.06.2022 | 21.06.2022 | Қаржы блогының Қаржы департаменті |
| 28. | 49 | 05.07.2022 | 08.07.2022 | Қаржы блогының Қаржы департаменті |
| 29. | 3 | 18.01.2023 | 20.01.2023 | Қаржы блогы / Қаржы департаменті |
| 30. | 26 | 30.03.2023 | 04.04.2023 | Қаржы блогы / Қаржы департаменті |
| 31. | 67 | 09.08.2023 | 15.08.2023 | Қаржы блогы / Қаржы департаменті |
| 32. | 85 | 27.09.2023 | 09.10.2023 | Қаржы блогы / Қаржы департаменті |
| 33. | 4 | 17.01.2024 | 24.01.2024 | Қаржы блогы / Қаржы департаменті |
| 34. | 36 | 17.04.2024 | 26.04.2024 | Қаржы блогы / Қаржы департаменті |
| 35. | 56 | 19.06.2024 | 09.07.2024 | Қаржы блогы / Қаржы департаменті |
| 36. | 62 | 17.07.2024 | 24.07.2024 | Қаржы блогы / Қаржы департаменті |
| 37. | 74 | 04.09.2024 | 16.09.2024 | Қаржы блогы / Қаржы департаменті |
| 38. | 93 | 06.11.2024 | 18.11.2024 | Қаржы блогы / Қаржы департаменті |
| 39. | 101 | 11.12.2024 | 26.12.2024 | Қаржы блогы / Қаржы департаменті |
| 40. | 7 | 12.02.2025 | 20.02.2025 | Қаржы блогы / Қаржы департаменті |
| 41. | 23 | 30.04.2025 | 01.07.2025 | Қаржы блогы / Қаржы департаменті |
| 42. | 52 | 28.07.2025 | 07.08.2025 | Қаржы блогы / Қаржы департаменті |
| 43. | 89 | 19.12.2025 | 23.12.2025 | Қаржы блогы / Қаржы департаменті |